



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ТҮРІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖЫЛҚЫ АТАУЫНА ҚАТЫСТЫ МАҚАЛ- МӘТЕЛДЕРДІҢ СЕМАНТИКАСЫ

Мырзағали Құралай Қайырбекқызы

kk.myrzagali@list.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Филология факультетінің
2-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Phd докторы, доцент Қ.К. Кенжалин

Тіліміздегі мақал-мәтелдер – сөздік құрамның халық өміріндегі әрқилы кезеңдерге байланысты туған, қарым-қатынас пен қоғамдық құбылыстарды бейнелей сипаттайтын, көңілдегі ойды дөп басып, шебер де ұтымды жеткізетін, қысқа әрі нұсқа тұжырым жасайтын, мән-мазмұны бай халқымыздың асыл қазынасы. Халқымыз өмір шындығын, көңілге түйгенін мақал-мәтел ретінде өз ұрпағына үлгі-өнеге қалдырып отырған. Бұл жөнінде көрнекті ғалым Ш.Уәлиханов «Тәуір деген әрбір би мақалдап сөйлегенді сүйеді және қатардағы қазақтармен сөйлескенде, тіпті кез-келген сөзінде оны көп қолданады», – дейді [1, 25-6].

Ғалым Ахмет Байтұрсынов мақал-мәтел жайында: «Мәтел дегеніміз – кезі келгенде кесегімен айтылатын белгілі-белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады», - деп мақал мен мәтелдігін ара-жігін айырып берген [2, 250-6]. Жалпы мақал-мәтел барлық елдің тілінде кездеседі және бір елдегі мақал-мәтел мен келесі бір елдегі мақал-мәтелдер бір-біріне мағыналары, жасалу жолдары өте ұқсас келеді. Шынында өмір сүру салты, шаруашылығы, тұрмыста тұтынатын бұйымдары бірдей халықтың ой-санасы да ұқсас келеді. Ой-санасы ұқсас халықтардың тіліндегі мақал-мәтелдері де бір-біріне ұқсас болуы заңдылық. Осы тұрғыдан алғанда түрік және қазақ халқы біріне-бірі ежелден туыс.

Әлі күнге дейін аталмыш екі тілдегі сөздер, тілдік бірліктер мен құрылымдар салыстырмалы түрде зерттеліп келеді. Соның ішінде аң-құс лексикасын жан-жақты зерттеу тіл мамандарының назарын ерекше аударып отыр. Себебі көптеген ғасырлар бойы түркі халықтарының тұрмыс-тіршілігінде мал шаруашылығы, аңшылық кәсіп шешуші орын алған және аң-құс атауларының халық өнерінде, ауыз әдебиетінде, халықтың ой-пікірінде, абстрактылы ұғымдар мен көңіл-күй сезімдерін бейнелі түрде беруде кеңінен қолданылды және туыстас түрік және қазақ елінің мал шаруашылығында жылқы малының, жылқы шаруашылығының да өзіндік ойып алар орны бар.

Қазақ және түрік халқының дүниетанымында, ділі мен тілінде жылқыға қатысты өзгеше философиялық және мәдени жүйе қалыптасқан. Адамның азамат қатарына қосылуының өзін «ат жалын тартып мінді» деп бейнелейді қазақ халқы. Жылқының қадір-қасиетінің айрықша орны тілімізден де айқын аңғарылады.

Жалпы түркітануда Н.Махмудов (өзбек тілі), Р.Г.Ахметьянов (татар тілі), А.Шынардың (түрік тілі), Т.Дүшеналиева (қырғыз тілі), Т.Урунов (өзбек тілі), М.Н.Губогло (гагауыз тілі), Э.Ф.Ишбердин (башқұрт тілі), К.А.Новиков (тұңғыс-манжұр тілі), Ц.Д.Номинханов (түркі-моңғол тілдері) т.б. ғалымдар өз зерттеулерінде жан-жануарлар лексикасы әр қырынан қарастырылып, оның ішінде жылқы малына қатысты пікірлерде көрсетілген.

Жылқы – тақ тұяқты ірі қара, төрт түліктің бірі. Ең алғаш жылқы атауына байланысты XI ғасырдың ғасырдың ескерткіші болып саналатын Махмуд Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегінде *йылқы*, *йунд*, *арқун*, *қатыр*, *ат* сөздері берілді. М.Қашқаридың бұл сөздігінде «жылқы» сөзі қазіргі қазақ тіліндегідей үйірде жүрген малдың жалпы атауын білдіреді [3, 36-6].

А.М.Щербак *жылқы* сөзі туралы «оно обозначало первоначально «табун» и в этом

значении ассоциировалось с табунами животными, наиболее важное место среди которых занимало лошадь» деп жаза отырып Г.Вамберидің «жылқы атауы *йығ* – бір жерге жинау мағынасынан туындаған» деген пікірге сүйенетіндігін айтады [4, 85-б].

Зерттеуші Б.Токтағұл түркі тілдеріндегі төрт-түлік малдың жас мөлшеріне қатысты атауларды бір лексика-семантикалық топ ретінде қарастырған зерттеу жұмысында *жылқы* сөзінің «Күлтегін» ескерткішінде *йылқы* сөзіне –сығ жұрнағы жалғану арқылы *йылқысығ* – «бай, дәулетті» деген ұғым тудыратын жаңа сөз екендігі айтылады [5, 60-б].

Негізінен *жылқы* сөзіне қарағанда *ат* сөзі жиі қолданылады. Яғни *ат* бір жануарды, *жылқы* болса ат үйірін білдіреді. Аттың басты міндеті – жұмысқа жегілу, мінілу, бәйге, жарыс, жорық, т.б.

Ат сөзінің қазақша түсіндермелі сөздікте бірнеше шартты мағыналары бар. Мысалы: 1) *мініп, жегіп күшін пайдаланатын көлік*; 2) *піштірілген еркек жылқы*.

Қазақ және түрік халықтарының өркениетіндегі жылқының рөлін айқындау мақсатында жылқы және жылқы шаруашылығына байланысты атауларды салыстыра зерттеген түрік ғалымы Али Аббас Шынардың «Қазақтар мен түріктердің жылқы өсіру мәдениеті және оның рөлі» атты зерттеуінде «ат» атауының «әрқашан барлық күшпен алға ұмтылу» деген мағынаны Қытай жылнамаларындағы деректерге сүйене отырып, Азия ғұндарының қолға үйретілген жануарға берген атауы екендігін анықтаған. Сонымен қатар аттың динамикалық құрылымы мен осы түбірден тараған сөздер арасында мағыналық жағынан жалпылама қасиеттің барлығын айтылады. Мысалы: оқ атты, атып шықты, аттау, т.б [6,45].

Ат сөзі бірқатар сөздер үшін түбірлік қызмет атқарады. Ат сөзінің этимологиясы туралы Ц.Д.Номинханов моңғолдың *адагун* (ат) деген сөзімен байланыстырады [7, 88-б].

Ал жылқы атауларына байланысты түрік және қазақ тілінде мақал-мәтелдер, оралымды сөз қолданыстары баршылық. Айта кетерлік жайт, мақал-мәтелдерді тұрақты сөз тіркестерінен ажырата алу үшін кейбір семантикалық ерекшеліктеріне тоқталып кеткеніміз жөн. Тұрақты сөз тіркестері мақалға қарағанда қысқа, көбінесе ой аяқталмайды және тілдегі тұрақты сөз тіркестерінің азғана бөлігі қос тағанды болып келеді. Ал мақалдар аяқталған біртұтас ойды білдіреді, көпшілігі екі тармақтан тұрады. Сонымен бірге, кей халықтар мақал мен мәтелді бір-бірінен бөлмейді де, мысалы, өзбек халқы «мақол», ағылшындар «proverb» деп қана атайды, бұл мәселе түрік тіліне де қатысты.

Қолда бар деректерге сүйенсек, түрік тіл білімінде мақал мен мәтелдің ара жігін бөліп қарамайды, тек қана «атасөзлер» деп береді. Бұл мақал-мәтелді қарастыруда қазақ тілінің түрік тілінен белгілі бір айырмашылығы барын көрсетеді.

Түрік және қазақ тілдеріндегі жылқы малына, оның ішінде «ат» атауына қатысты мақал-мәтелдердің құрылымы мен семантикасын салыстырмалы түрде қарастырудың тіл біліміне өзіндік үлес қосары сөзсіз. Себебі қазақ және түрік халықтарының өркениетіндегі жылқының түстері мен қасиеттері, халық ауыз әдебиеті мен әдет-ғұрыптарындағы жылқының алатын орны мақал-мәтелдерде айқын көрінеді. Мысалы:

«Ат – ердің қанаты» ; «At erin kanadidir».

«Арпа жеген ат ойнақтар»; «Arpa uiyen at oynar».

Жәрдем Кейкін құрастырған «Қазақ мақал-мәтелдерінің алтын кітабында» төрт-түлікке қатысты 600-ден астам мақал-мәтел берілген. Соның ішінде жылқы атауы байланысты 150-ден астам мақал-мәтелдер кездеседі [8, 520-б]. Түрік тілінде «Atasözleri ve deyimler sözlüğü» кітабында аңдарға байланысты 465 мақал берілсе, соның ішінде 105 мақалға жылқы атауы байланысқан [9, 11-б]. Екі тілдегі мақал-мәтелдерді салыстырар болсақ, мысалы:

1. Ат – ердің қанаты,
Ас – адамның арқауы (қуаты).
At erdin kanati,
Aş insanın kuvveti.

2. Ат алсаң мініп ал,

Әйел алсаң сүйіп ал.
At alırsan binip al,
Eş alırsan sevip al.

3. Ат алсаң досыңмен кеңес,
Қой алсаң қоңсыңмен кеңес.
Atı alırken dostun ile danış,
Koyun alırken komşun ile danış.

4. Ат ерінді келер,
Ер мұрынды келер.
At dudaklı olur,
Er burunlu olur.

5. Ат қадірін мінген білер,
Мылтық қадірін атқан білер.
Atın kadrini binen bilir,
Tüfeğın kadrini atan bilir.

6. Ер сыйлаған есікте қалмас,
Ат сыйлаған жерді баспас.
Kocasını sayan sahipsiz kalmaz,
Atı sayan yayan yürümez.

7. Арымас ат болмас,
Тозбас тон болмас.
Yorulmaz at olmaz,
Eskimez don olmaz.

8. Арпа жеген ат ойнақтар.
Arpa yiyen at oynar.

9. Аты жақсы азамат қашса құтылар, қуса жетер.
Atı iyi olan babayığıt kaçsa kurtulur, kovsa yakalar.

10. Атың барда – жер таны желіп жүріп,
Асың барда – ел таны беріп жүріп.
Atın varken yer (yol) tanı,
Baban varken halk (dost) tanı.

11. Атың жақсы болса – жолдың жорығы,
Ұлың жақсы болса – көңіл шырағы.
Atın iyi ise yolun uzağı,
Oğlun iyi ise gölün nuru.

12. Ат баспаймын деген жерін үш рет басар.
At başmayacağım dediği yere üç kez basar.

13. Ат – мінгендікі, тон – кигендікі.
At binenin, don giyenin.

14. Аттың сыры иесіне мәлім.

Atın huyunu sahibi bilir.

15. Аттың көркі жалында.

Atın güzelliği yelesinde.

Жоғарыдағы мақал-мәтелдерді салыстыра отырып, мағынасы мен құрылымы жағынан бір-біріне жақын болатындығын байқаймыз. Екі тілдегі мақал-мәтелдердің соңында келген етістіктер бірдей. Мысалы: «Ат баспаймын деген жерін үш рет басар - *At başmayacağımdediği yere üç kez basar*», «Ат қадірін мінген білер, Мылтық қадірін атқан білер - *Atın kadrini binen bilir, Tüfeğin kadrini atan bilir*». Кейбір мақалдар морфонологиялық өзгерссіз тура өз мағынасында қолданылған. Мысалы: «Ат – ердің қанаты - *At erdin kanatı*».

Шарттылық мағынасын беретін мақалдар да көп. Мысалы: «Ат алсаң досыңмен кеңес, Қой алсаң қоңсыңмен кеңес - *Atı alırken dostun ile danış, Koyun alırken komşun ile danış*», «Атың жақсы болса – жолдың жорығы, Ұлың жақсы болса – көңіл шырағы - *Atın iyi ise yolun uzağı, Oğlun iyi ise gölün nuru*».

Мәтел екі тілде де нақышты, оралымды сөйлемше түрінде жасалады. Мысалы: «Ат баспаймын деген жерін үш рет басар - *At başmayacağımdediği yere üç kez basar*», «Аттың сыры иесіне мәлім - *Atın huyunu sahibi bilir*».

Қорыта келгенде, өзге сөз орамдарынан ықшам, мазмұн жағынан әмбебап келген екі тілдегі жылқы атауына байланысты мақал-мәтелдер бір-біріне өте ұқсас. Демек, мақала басында айтқанымыздай, жылқы малына қатысты атаулардың екі тілдің сөздік қорындағы өзіндік орны мен үлес салмағы бар және қазақ және түрік тілдерінің құрамында жылқы атаулары бар мақал-мәтелдерді салыстыра зерттеу – отандық тіл білімінде әлі қолға алына қоймаған тың дүние. Осы тұрғыдан алғанда мақал-мәтелдерді мағынасы мен құрылымы жағынан салыстыра зерттеу – қазақ тіл біліміндегі, сонымен қатар түрік тіл біліміндегі де өзекті мәселе.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қанафияұлы Н. Ұлы Дала және Шоқан. – Алматы: «Өнер», 1997, - 200 б.
2. Байтұрсынов А. Шығармалар жинағы. – Алматы, 1989.
3. Бейсенова М.С. М.Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегіндегі төрт-түлік мал атаулары. Ф.ғ.к. дисс. қолжазбасы. 10.02.06. – Алматы, 1997, -170 б.
4. Щербак А.М. Названия домашних и диких животных в тюрских языках // Историческое развитие лексики тюрских языков. – М.: Издательство Академии Наук СССР, 1961. -467 с.
5. Тоқтағұл Б. Түркі тіліндегі төрт түліктің жасына қатысты атаулардың этнолингвистикасы. Ф.ғ.к. дисс. қолжасы. 10.02.06. – Алматы, 2005. – 124 б.
6. Шынар А. Қазақтар мен түріктерде жылқы өсіру мәдениеті және оның рөлі (ауд. Кенан Коч). – Шымкент: Әлия, 2001. – 135 б.
7. Номинханов Ц.Д. Термины животноводства в тюрских и монгольских языках // Труды сектора Востоковедения. – Алматы, 1959, Т. 1. – 223 с.
8. Кейкін Ж. Қазақ мақал-мәтелдерінің алтын кітабы. – Алматы: «Аруна» баспасы. – 632 б.
9. Ömer Asım Aksoy. Atasözleri ve Deyimler sözlüğü 1. – 1988. – S. 486
10. Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі. Толықтырылып, түзетіліп екінші басылуы. – Алматы, «Ғылым» баспасы, 2013 ж.